

ОБСАН

КІРІСПЕ	141	ЛОНГ КОФЕСІН ЖАСАУ	148
Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар	141	КАППУЧИНО ЖӘНЕ ЫСТЫҚ СҮТ ЖАСАУ (КӨПІРШІКСІЗ)	148
Жақшадағы әріптер.....	141	Ыстық сүт жасау (көпіршіксіз).....	149
Ақаулықтарды жою және жөндеу	141	Капучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау.....	149
ҚАУІПСІЗДІК	141	ЫСТЫҚ СУ ЖАСАУ	149
Негізгі қауіпсіздік туралы ескертулер	141	ТАЗАЛАУ	149
Пайдалану мақсаты	142	Құрылғыны тазалау.....	149
Пайдалану нұсқаулығы	142	Ұнтақ кофе ыдысын тазалау	150
СИПАТТАМА	142	Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау.....	150
Құрылғының сипаттамасы	142	Кофе құрылғысы ішін тазалау.....	150
Басқару тақтасының сипаттамасы....	143	Су ыдысын тазалау.....	150
Керек-жарақтар сипаттамасы.....	143	Кофе шүмектерін тазалау.....	150
ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН	143	Ұнтақ кофе воронкасын тазалау	150
Құрылғыны тексеру	143	Демдеу торын тазалау	150
Құрылғыны орнату	143	ҚАҚ ТАЗАЛАУ	151
Құрылғы параметрлерін орнату	143	СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН РЕТТЕУ	152
ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ	144	Су қаттылығын өлшеу.....	152
ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ	144	Су қаттылығын орнату	152
МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІ.....	144	СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ	152
Қақ тазалау	145	Сүзгіні орнату.....	152
Уақытты реттеу.....	145	Сүзгіні салу	153
Авто өшіру.....	145	Сүзгіні шығару	153
Авто қосу.....	145	ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК	153
Температураны орнату	145	КӨРСЕТІЛЕТІН ХАБАРЛАР	154
Қуат үнемдеу	145	ТАСТАУ	154
Су қаттылығын орнату	146	ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ.....	154
Су қаттылығын орнату туралы нұсқауларды 15-беттен көріңіз.	146	АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ	156
Тілді орнату	146		
Сүзгіні орнату.....	146		
Сүзгіні салу	146		
Әдепкі мәндер (қалпына келтіру).....	146		
Статистика функциясы	146		
КОФЕ ЖАСАУ	146		
Кофе дәмін таңдау	146		
Кеседегі кофе мөлшерін таңдау.....	146		
Құрылғы сол кезде жаңа мөлшерлермен бағдарламаланады.	147		
Тартқышты реттеу	147		
Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер... 147			
Кофе дәндерінен кофе жасау	147		
Ұнтақ кофеден кофе жасау.....	148		

КІРІСПЕ

Осы автоматты эспрессо және капучино жасау құрылғысын таңдағаныңызға рахмет.

Жаңа құрылғыңызды рахатыңызға пайдаланасыз деп үміттенеміз.

Осы пайдалану нұсқаулығын оқып шығуға бірнеше минут бөліңіз.

Бұл барлық қауіп-қатерлер мен құрылғының зақымдануының алдын алады.

Осы нұсқаулықта пайдаланылған таңбалар

Маңызды ескертулер осы таңбалармен анықталады.

Осы ескертулерді құрметтеу өте маңызды болып табылады.



Қауіпті!

Мұндай ескертуді елемей электр тогына түсу салдарынан өмірге қауіп төндіретін жарақатқа себеп болуы мүмкін.



Маңызды!

Мұндай ескертуді елемей жарақаттануға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін.



Күйіп қалу қауіп бар!

Мұндай ескертуді елемей күйіп қалуға әкеп соқтырады.



Ескеріңіз:

Бұл таңба пайдаланушыға арналған маңызды кеңесті немесе ақпаратты білдіреді.

Жақшадағы әріптер

Жақша ішіндегі әріптер 2 және 3-беттегі «Құрылғы сипаттамасы» бөліміндегі шартты белгілерге сілтейді.

Ақаулықтарды жою және жөндеу

Проблемалар болған жағдайда, алдымен оларды -беттегі «Көрсетілетін хабарлар және -беттегі «Ақаулықтарды жою» бөлімінде берілген ақпаратқа жүгіне отырып шешуге тырысыңыз.

Егер проблема осылай шешілмесе және қосымша ақпарат талап етсеңіз, «Тұтынушыларды қолдау қызметі» қосымша парағында берілген нөмірге қоңырау шалу арқылы тұтынушыны қолдау қызметімен хабарласыңыз.

Егер еліңіз берілген елдер тізімінен табылмаса, кепілдікте берілген нөмірге қоңырау шалыңыз.

Егер жөндеу қажет болса, De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерімен ғана хабарласыңыз.

Мекенжайлар құрылғымен бірге берілген кепілдік куәлігінде берілген.

ҚАУІПСІЗДІК

Негізгі қауіпсіздік туралы ескертулер



Қауіпті!

Бұл – электрлік құрылғы, сондықтан ол электр тогына түсуге себеп болуы мүмкін.

Сондықтан, осы қауіпсіздік туралы ескертулерді ұстануыңыз керек:

- Құрылғыны ылғал қолдарыңызбен немесе аяқтарыңызбен тұртпеңіз.
- Сымды ешқашан ылғал қолмен ұстамаңыз.
- Розетканың құрылғыны қажет кезде ажыратуға болатындай оңай қол жеткізетін жерде орналасқанына көз жеткізіңіз.
- Тек ашалы қосқыштан ұстап ажыратыңыз. Ешқашан қуат кабелінен ұстап тартпаңыз, себебі оны зақымдауыңыз мүмкін.
- Құрылғыны толық ажырату үшін, оны розеткадан ажыратыңыз.
- Егер құрылғы ақаулы болса, оны жөндеуге тырыспаңыз. Оны өшіру үшін розеткадан ажыратыңыз және тұтынушыны қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

Егер ашалы қосқыш немесе қуат кабелі зақымданса, барлық қауіп-қатерлердің алдын алу үшін оны тек De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтері ауыстыруы керек.

Құрылғыны тазалаған кезде ешқашан суға батырмаңыз. Бұл – электрлік құрылғы.

- Құрылғының сыртын тазаламас бұрын, оны өшіріп, розеткадан суырыңыз да, суытып қойыңыз.



Маңызды:

Барлық орам (пластик қалталар, полистирен көбігі) материалдарын балалардан аулақ ұстаңыз.

Бұл құрылғыны 8 жастан асқан балаларға, қозғалу, сезу немесе ойлану мүмкіндіктері шектелген адамдарға немесе осы құрылғыға қатысты тәжірибесі немесе білімі жоқ адамдарға тек оларға ықтимал қауіп-қатерлер мен құрылғыны қауіпсіз жолмен пайдалану туралы нұсқау берілгенде және олар бақыланғанда ғана пайдалануға болады.

Балалардың құрылғымен ойнамауы керек.

Тазалауды және пайдаланушы орындайтын техникалық күтімді балаларға бақылаусыз орындатпау керек.



Күйіп қалу қаупі бар!

Бұл құрылғы ыстық су шығарады және пайдалану барысында ол бу қалыптасуы мүмкін.

Су шашырандыларынан немесе ыстық будан абай болыңыз.

Құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде, кесені жылытқыш текшені ұстамаңыз, себебі ол ыстық.



Осы таңбамен белгіленген беттер пайдалану барысында ыстық болады (бұл таңба тек кейбір үлгілерде ғана бар).

Пайдалану мақсаты

Бұл құрылғы кофе және ыстық сусындар дайындауға арналған.

Бұл – тек үйде пайдалануға арналған құрылғы.

Оны мынадай жерлерде пайдалануға болмайды:

- дүкендердегі қызметкерлердің ас пісіру аймақтарында, кеңселерде және басқа да жұмыс істейтін жерлерде;
- фермадағы үйлерде;
- қ о н а қ ү й л е р д е г і , мотельдердегі клиенттер тұратын және басқа тұрғылықты жерлерде;
- төсек пен таңғы ас беретін орындарда.

Кез келген басқа қолданыс дұрыс емес және қауіпті болып есептеледі.

Өнім жасаушысы құрылғыны дұрыс пайдаланбаудан туындайтын зақым үшін жауапты емес.

Пайдалану нұсқаулығы

Құрылғыны пайдаланбас бұрын мына нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз. Мұндай ескертулерді елемей күйіп қалуға немесе құрылғыны зақымдауға себеп болуы мүмкін. Өнім жасаушысы осы нұсқауды елемеден туындайтын зақым үшін жауапты болмайды.



Ескеріңіз:

Осы пайдалану нұсқаулығын сақтап қойыңыз. Егер құрылғы басқа адамдарға берілсе, оларды осы пайдалану нұсқаулығымен бірге беру керек.

СИПАТТАМА

Құрылғының сипаттамасы

(3-бет - А)









- A1 Басқару тақтасы
- A2 Тарту дөңгелегі
- A3 Кесе текшесі
- A4 Дәндер ыдысының қақпағы
- A5 Ұнтақ кофе воронкасының қақпағы
- A6 Ұнтақ кофе воронкасы
- A7 Дәндер ыдысы
- A8 Қуат қосқышы
- A9 Қуат сымын жалғау ұяшығы
- A10 Су ыдысы
- A11 Демдеу торының қақпағы
- A12 Демдеу торы
- A13 Кофе шүмегі (биіктігі реттеледі)


- A14 Тартылған кофе ыдысы
 A15 Су жиналатын науа
 A16 Кесе қойғыш
 A17 Тамшы науасындағы су деңгейінің көрсеткіші
 A18 Тамшы науасы
 A19 Каппучино жасағыш
 A20 Каппучино/ыстық сүт сақинасы
 A21 Бу/ыстық су тетігі

Басқару тақтасының сипаттамасы

(2-бет - В)

Тақтадағы кейбір түймелердің қос функциясы болады. Ол сипаттамада жақшалардың ішінде көрсетілген.

- B1. Дисплей: пайдаланушыға құрылғыны пайдалану барысында нұсқаулар береді
 B2.  түймесі: құрылғыны іске қосады және өшіреді
 B3. **MENU** түймесі мәзірді ашуға арналған (*MENU параметрлері бөлімінде болған кезде бұл түймешік таңдалған функциядан шығуға және негізгі мәзірге қайтуға арналған ESC пернесі ретінде жұмыс істейді*)
 B4.  түймесі сүтпен ыстық сусындар жасауға арналған
(Quando si accede al MENU' programmazione, ha la funzione di <: si preme per scorrere indietro)
 B5.  түймесі: шаю циклін орындауға арналған.
(Параметрлер МӘЗІРІ ішінде болған кезде бұл түйме алға жылжуға арналған > түймесі ретінде жұмыс істейді)
 B6.  түймесі: ұнтақ кофеден кофе жасауға арналған.
(Параметрлер МӘЗІРІ ішінде болған кезде бұл түйме жасалған таңдауды растауға арналған ОК түймесі ретінде жұмыс істейді)
 B7. Дәм  таңдау түймесі : кофе дәмін таңдау үшін басыңыз
 B8.  түймесі: 1 кесе қысқа кофе жасауға арналған
 B9.  түймесі: 2 кесе қысқа кофе жасауға арналған
 B10. **LONG** түймесі: 1 кесе ЛОНГ кофесін жасауға арналған
 B11.  түймесі: 1 кесе лонг эспрессо кофесін жасауға арналған

- B12.  түймесі: 2 кесе лонг кофесін жасауға арналған

Керек-жарақтар сипаттамасы

(2-бет - С)

- C1. Өлшеу құралы
 C2. Қақ тазартқыш
 C3. Су жұмсартқыш сүзгі (кейбір үлгілерде ғана бар)
 C4. Жалпы қаттылықты тексеру көрсеткішінің қағазы
 C5. Қуат кабелі

ПАЙДАЛАНБАС БҰРЫН

Құрылғыны тексеру

Орамды ашқан соң, құрылғы бөлшектерінің түгелдігін, зақымданбаған және барлық керек-жарақтардың болуын тексеріңіз.

Егер құрылғының зақымданғаны көрініп тұрса, оны пайдаланбаңыз. De'Longhi тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

Құрылғыны орнату

 **Маңызды!**

Құрылғыны орнатқан кезде, мына қауіпсіздік туралы ескертулерге назар аударуыңыз керек:

- Бұл құрылғы қызады. Құрылғыны пайдаланылатын жерге орналастырған соң, құрылғының беттері мен бүйірдегі және арттағы қабырға арасына 3 см, ал кофе құрылғысының үстіне 15 см бос орын қалдырыңыз.
- Құрылғыға кірген су оны зақымдауы мүмкін. Құрылғыны шүмектерге немесе раковиналарға жақын қоймаңыз.
- Құрылғыдағы су қатып қалса, ол зақымдануы мүмкін. Бұл құрылғыны температурасы нөлден төмен түсуі мүмкін бөлмеге орнатпаңыз.
- Қуат кабелін қыры өткір немесе беті ыстық заттарға тимейтіндей етіп жүргізіңіз (мысалы, электрлік ыстық плиталар).

Құрылғы параметрлерін орнату


 **Ескеріңіз:**

- Құрылғыны зауытта тексерген кезде кофе пайдаланылды, сондықтан, кофе тартқышта кофе іздері қалса, бұл – қалыпты нәрсе. Дегенмен, бұл құрылғының жаңа екеніне кепілдік беріледі.


- Судың қаттылығын «Су қаттылығын реттеу» (15-бет) бөліміндегі нұсқауларға жүгіне отырып, тез арада реттеңіз.

1. Қуат сыманың жалғағышын құрылғының артқы жағындағы ұяшыққа енгізіңіз және құрылғыны розеткаға қосыңыз (1-сурет). Құрылғының артындағы негізгі қосқыштың басылғанына көз жеткізіңіз (2-сурет).

Тілді таңдауыңыз керек (тілдер шамамен 3 секундтық аралықтарда жылжып отырады):

2. English (Ағылшын) жазуы пайда болған кезде,  түймесін (3-сурет) ENGLISH set (Ағылшын тілі таңдалды) жазуы шыққанша бірнеше секунд басып тұрыңыз.

Сосын құрылғы дисплейінде көрсетілген мына нұсқауларды орындаңыз:

3. FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ): су ыдысын шығарыңыз, MAX жолағына дейін таза сумен толтырып (4A суреті), құрылғыға қайта салыңыз (4B суреті).
4. Сыйымдылығы кемінде 100 мл болатын ыдысты капучино жасағыш астына қойыңыз (5-сурет).
5. TURN STEAM KNOB (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ): бу тетігін I бағытына бұраңыз (5-сурет). HOT WATER Confirm? (ЫСТЫҚ СУ. Растау керек пе?) хабары көрсетіледі;
6. Растау үшін түймесін басыңыз  : құрылғы капучино жасағыштан су ағызады да, автоматты түрде ажыратылады.
7. Бу тетігін «O» бағытына бұраңыз.

Кофе жасау құрылғысы енді әдеттегідей пайдалануға дайын.

Ескеріңіз:

- Құрылғыны орнатқан кезде, ол қанағаттанарлық нәтижені 4-5 кесе кофе немесе 4-5 капучино жасағаннан кейін береді.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ІСКЕ ҚОСУ

Ескеріңіз:

Құрылғыны іске қоспас бұрын, құрылғының артындағы негізгі қосқыштың қосылғанын тексеріңіз (2-сурет).


Құрылғы іске қосылған сайын, ол кедергі жасауға болмайтын алдын ала қыздыру және шаю циклін автоматты түрде орындайды.

Құрылғы тек осы цикл аяқталған соң ғана

пайдалануға дайын болады.

Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмегінен шамалы су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

- Құрылғыны іске қосу үшін,  түймесін (6-сурет) басыңыз. Heating up, Please wait (Қызуда, күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі.

Қызып болған соң, хабар «Rinsing» (Шаю) хабарына ауысады. Ыстық суды ішкі жүйемен айналдыру арқылы құрылғы қазандықты және ішкі түтіктерді қыздырады.


Кофенің дәмі мен мөлшерін көрсететін хабар пайда болған кезде құрылғының тиісті температурада болғаны.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨШІРУ

Құрылғы өшірілген сайын, ол кедергі жасауға болмайтын шаю циклін автоматты түрде орындайды.


Күйіп қалу қаупі бар!

Шаю барысында кофе шүмектерінен аздап ыстық су шығады және төмендегі тамшы науасына жиналады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

Құрылғыны өшіру үшін  түймесін (6-сурет) басыңыз. Құрылғы шаю циклін орындап, өшеді (күту режиміне өтеді).

Ескеріңіз:

Құрылғыны біраз уақыт бойы пайдаланбайтын босаңыз, розеткадан ажыратыңыз:

- алдымен құрылғыны  түймесін (6-сурет) басу арқылы өшіріңіз;
- негізгі қосқышты басыңыз (2-сурет).

Маңызды!

Құрылғы іске қосуды болған кезде негізгі қосқышты ешқашан баспаңыз.

МӘЗІР ПАРАМЕТРЛЕРІ

MENU түймесін басу арқылы параметрлер мәзірін ашқан кезде, мына мәзір тармақтарын таңдауға болады: Descale (Қақ тазалау), Adjust time (Уақытты реттеу), Auto-off (Авто өшіру), Auto-start (Авто қосу), Set temperature (Температураны орнату), Energy saving (Қуат үнемдеу), Water hardness (Су қаттылығы), Set language (Тіл орнату), Install filter (Сүзгіні орнату), Replace filter (Сүзгіні ауыстыру),










Default values (Әдепкі мәндер), Statistics (Статистика)..

Қақ тазалау

Қақ тазалау туралы нұсқауларды 14-беттен көріңіз.

Уақытты реттеу







Дисплейдегі уақытты реттеу үшін, мына әрекетті орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;
2. немесе  түймесін  Adjust time (Уақытты реттеу) хабары көрінгенше басыңыз;
3.  түймесін басыңыз;
4. Сағатты өзгерту үшін  немесе  түймесін басыңыз;
5. Растау үшін  түймесін басыңыз.
6. Сағатты өзгерту үшін  немесе  түймесін басыңыз;
7. Растау үшін  түймесін басыңыз.

Уақыт орнатылды: мәзірден шығу үшін **MENU** басыңыз.

Авто өшіру

Авто өшіру уақытын құрылғы 15 не 30 минуттан немесе 1, 2 немесе 3 сағаттан кейін өшірілетін етіп өзгертуге болады.

1. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;
2.  немесе  түймесін Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше басыңыз;
3. түймесін басыңыз ;
4.  немесе  түймесін қалаған жұмыс істеу минуты/уақыты (15 не 30 минут немесе 1, 2 не 3 сағат) көрсетілгенше басыңыз;
5. Растау үшін  түймесін басыңыз;



Авто өшіру уақыты орнатылады. Мәзірден шығу үшін **MENU** басыңыз.












Авто қосу


Кофені қалаған уақытта дереу жасау мақсатында құрылғыны белгілі бір уақытта (мысалы, таңертең) дайын болатындай ету үшін авто бастау уақытын орната аласыз.

Ескеріңіз:

Осы функцияны іске қосу үшін, уақыт дұрыс орнатылған болуы керек.







1. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;
2.  немесе  түймесін Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше басыңыз;

3.  түймесін бассаңыз, Enable? (Іске қосу керек пе?) хабары көрсетіледі;
 4. Растау үшін  түймесін басыңыз;
 5. Сағатты таңдау үшін  немесе  түймесін басыңыз;
 6. Растау үшін  түймесін басыңыз;
 7. Сағатты өзгерту үшін  немесе  түймесін басыңыз;
 8. Растау үшін  түймесін басыңыз;
 9. Мәзірден шығу үшін **MENU** басыңыз.
- Уақыт расталған соң, авто бастау функциясының іске қосылғаны уақытпен бірге  белгісінің, мәзірдегі Auto-start (Авто бастау) тармағының астында уақыттың пайда болуымен көрсетіледі.
- Бұл функцияны ажырату үшін:
1. Мәзірден авто бастау тармағын таңдаңыз;
 2. түймесін  бассаңыз, Disable? (Өшіру керек пе?) хабары көрсетіледі;
 3. Растау үшін  түймесін басыңыз.

 белгісі одан әрі көрсетілмейді.

Температураны орнату



Кофе (төмен, орташа, жоғары) жасау үшін пайдаланылатын судың температурасын өзгертіңіз келсе, мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;
2.  немесе  түймесін Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше басыңыз;
3. түймесін басыңыз ;
4. немесе  түймесін  қажетті температура (төмен, орташа, жоғары) көрінгенше басыңыз;
5. Растау үшін  түймесін басыңыз.

Температура орнатылады. Мәзірден шығу үшін **MENU** басыңыз.

Қуат үнемдеу

Бұл функцияны қуат үнемдеу мүмкіндігін қосу немесе өшіру үшін пайдаланыңыз. Бұл функция іске қосылған кезде, Еуропалық ережелерге сай қуат тұтыну мөлшері азаяды. Қуат үнемдеу режимі іске қосылған кезде, мәзірдегі Energy saving (Қуат үнемдеу) астында жұлдызша пайда болады.

1. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;
2. немесе  түймесін  Energy saving (Қуат үнемдеу) хабары көрінгенше басыңыз;

3. түймесін бассаңыз, Enable? немесе Disable? («Қосу керек пе?» немесе «Өшіру керек пе?») хабары көрсетіледі;
4. Қуат үнемдеу режимін өшіру немесе іске қосу үшін түймесін басыңыз;

Мәзірден шығу үшін **MENU** басыңыз.

Бұл функция іске қосұлы болған кезде құрылғы 1 минут бойы пайдаланылмаса, Energy saving (Қуат үнемдеу) хабары көрсетіледі.

Ескеріңіз:

Қуат үнемдеу режимінде болған кезде, бірінші кофе құйылғанша бірнеше секунд өтуі мүмкін, себебі құрылғы қайта қызуы керек.

Су қаттылығын орнату

Су қаттылығын орнату туралы нұсқауларды 15-беттен көріңіз.

Тілді орнату

Дисплей тілін өзгерту үшін, мына әрекетті орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;
2. немесе түймесін Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше басыңыз;
3. түймесін басыңыз ;
4. немесе түймесін Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше басыңыз;
5. Растау үшін түймесін басыңыз.

Тіл орнатылады. Мәзірден шығу үшін **MENU** басыңыз.

Сүзгіні орнату

Сүзгіні орнату әдісі туралы нұсқауларды «Сүзгіні орнату» (15-бет) бөлімінен көріңіз.

Сүзгіні салу

Сүзгіні ауыстыру әдісі туралы нұсқауларды «Сүзгіні ауыстыру» (16-бет) бөлімінен көріңіз.

Әдепкі мәндер

(қалпына келтіру)

Бұл барлық мәзір параметрлері мен бағдарламаланған мөлшерлерді әдепкі мәндерге қалпына келтіреді (орнатылған күйінде қалатын тілден басқа).

1. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;
2. немесе түймесін Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше басыңыз;



3. түймесін басыңыз ;
4. Дисплейде “Config?” (Ажырату керек пе?) хабары көрсетіледі;
5. Растау және шығу үшін түймесін басыңыз.

Статистика функциясы

Бұл құрылғыға қатысты статистиканы көрсетеді. Оны көрсету үшін мыналарды орындаңыз:

1. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;
2. немесе түймесін Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше басыңыз;
3. түймесін басыңыз;
4. немесе түймесін басу арқылы мынаны тексере аласыз:
 - қанша кофе жасалды;
 - құрылғы қағы қанша рет тазаланды;
 - жалпы құйылған су мөлшері;
 - су сүзгісінің қанша рет ауыстырылғаны.
5. Мәзірден шығу үшін түймесін екі рет басыңыз.

КОФЕ ЖАСАУ

Кофе дәмін таңдау

Құрылғы әдепкіде дәмі қалыпты кофе жасау параметріне орнатылады.

Сіз мына дәмдердің бірін таңдай аласыз:

Өте жұмсақ дәм

Жұмсақ дәм

Қалыпты дәм

Қою дәм

Өте қою дәм

Дәмді өзгерту үшін түймесін (7-сурет) қажетті дәм көрсетілгенше қайталап басыңыз.

Кеседегі кофе мөлшерін таңдау

Бұл құрылғы әдепкі параметр бойынша мына кофе мөлшерлерін автоматты түрде дайындайды:

- қысқа эспрессо кофесі, түймесі басылғанда (≈40 мл);
- лонг эспрессо кофесі, түймесі басылғанда (≈120 мл);
- екі қысқа эспрессо кофесі, түймесі басылғанда;
- екі лонг эспрессо кофесі, түймесі басылғанда.

Құрылғы автоматты түрде кесеге құятын кофе мөлшерін өзгерту үшін, төмендегіні орындаңыз:

- өзгертілетін мөлшерге қатысты түймені басыңыз және оны Program quantity (Бағдарлама мөлшері) хабары көрсетілгенше басып тұрып барып түймені жіберіңіз.
- кеседегі кофе қажетті деңгейге жеткен соң, жаңа мөлшерді есте сақтау үшін осы түймені қайта басыңыз.


Құрылғы сол кезде жаңа мөлшерлермен бағдарламаланады.

Тартқышты реттеу

Кофе тартқыш әдепкі параметр бойынша кофені дұрыс дайындайтындай етіп орнатылады және оны реттеудің қажеті жоқ. Дегенмен, алғашқы бірнеше кесе кофені жасағаннан кейін кофенің өте әлсіз және кілегейлі емес екендігі немесе оның өте жай (тамшылап) құйылатыны байқалса, оны тартуды реттеу деңгелегін (8-сурет) реттеу арқылы түзетуге болады.

i Ескеріңіз:

Кофе тарту деңгелегін тек кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде ғана бұрау керек.



егер кофе өте баяу құйылса немесе мүлдем құйылмаса, деңгелекті сағат тілі бағытымен бұраңыз.

Толық кілегейлі кофе жасау үшін, сағат тілі бағытына қарсы бұраңыз


(бір бұрағанда бір реттен артық «сырт» еткізіп бұрамаңыз, әйтпесе кофе тамшылап құйылуы мүмкін).

Бұл реттеулердің нәтижесі тек 2 кесе кофе жасалғаннан кейін ғана байқалады.

Егер бұл реттеу қажетті нәтижені бермесе, деңгелекті тағы бір рет «сырт» еткізіңіз.

Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер

Кофе ыстық болуы үшін, мыналарды орындауыңыз керек:

- кофе құйылмас бұрын,  түймесін басу арқылы шаю циклін орындаңыз. Құрылғының ішкі жүйелерін қыздыру арқылы шүмектен ыстық су ағады, осылайша кофе температурасы көтеріледі;
- кеселерді ыстық сумен шаю арқылы жылытыңыз (ыстық су функциясын пайдалану);

- кофенің температурасын мәзірде көбейтіңіз (10-бет).

Кофе дәндерінен кофе жасау

! Маңызды!

Ешқашан карамельденген немесе қант қосылған кофе дәндерін пайдаланбаңыз, себебі олар кофе тартқышқа жабысып, оны зақымдауы мүмкін.

1. Ыдысты кофе дәндерімен толтырыңыз (9-сурет).
2. Кофе шүмектерінің астына орналастырыңыз:
 - 1 кесе кофе жасағыңыз келсе, 1 кесе қойыңыз (10-сурет);
 - 2 кесе кофе жасағыңыз келсе, 2 кесе қойыңыз (11-сурет).
3. Шүмекті кеселерге қарай мүмкіндігінше төмендетіңіз. Осылайша көбікті кофе алынады (12-сурет).
4. Қажетті кофені құю түймесін басыңыз.



RISTRETTO

LUNGO

5. Құю басталады және таңдалған мөлшер мен дәм көрсетіледі.

Кофе жасалған соң, құрылғы қайта пайдалануға дайын болады.

i Ескеріңіз:

- Құрылғы кофе жасап жатқан кезде, құюды кез келген уақытта кофе жасау түймелерінің бірін басу арқылы тоқтатуға болады.
- Құйылып болған соң кеседегі кофе мөлшерін көбейту үшін, кофе түймелерінің бірін басып тұрсаңыз болғаны (3 секунд ішінде).

i Ескеріңіз:

Кофені ыстық етіп жасау туралы ақпаратты «Ыстығырақ кофе алу туралы кеңестер» бөлімінен көріңіз.

! Маңызды!

- Егер кофе тамшылап құйылса, тым сұйық болса және жеткілікті деңгейде кілегейлі болмаса немесе тым салқын

болса, 18-беттегі «Ақаулықтарды жою» бөліміндегі кеңестерді оқыңыз.

- Құрылғы пайдаланылып жатқан кезде әр түрлі ескерту хабарлары көрсетілуі мүмкін. Олардың мағыналары «Көрсетілетін хабарлар» (17-бет) бөлімінде түсіндірілген.




Ұнтақ кофеден кофе жасау

 **Маңызды!**

- Ұнтақ кофе воронкасына ешқашан кофе дәндерін салмаңыз, себебі олар құрылғыны бұзуы мүмкін.
- Құрылғы өшірулі кезде ешқашан ұнтақ кофені салмаңыз, әйтпесе ол құрылғының қуыс-қуыстарына таралып, оны былғауы мүмкін. Бұл құрылғыны зақымдауы мүмкін.
- Ешқашан 1 деңгейлі мөлшерден артық пайдаланбаңыз, әйтпесе ол құрылғының ішін былғауы немесе воронканы бітеп тастауы мүмкін.

 **Ескеріңіз:**

Егер ұнтақ кофені пайдалансаңыз, сіз бір уақытта тек бір кофе жасай аласыз.

1. Құрылғының қосулы екеніне көз жеткізіңіз.
2.  түймесін басыңыз.
3. Воронканың бітеліп қалмағанына көз жеткізіп, бір деңгей мөлшеріндегі ұнтақ кофені салыңыз (13-сурет).
4. Кофе шүмектерінің астына бір кесе қойыңыз.
5. 1 кесе  немесе  түймесін басыңыз.
6. Ағу басталады.

ЛОНГ КОФЕСІН ЖАСАУ

ЛОНГ кофесін кофе дәндерін немесе алдын ала тартылған кофені пайдалану арқылы жасауға болады.

Құрылғыны дайындау үшін жоғарыдағы нұсқауларды орындаңыз да, **LONG** түймесін басыңыз.

КАППУЧИНО ЖӘНЕ ЫСТЫҚ СҮТ ЖАСАУ (КӨПІРШІКСІЗ)

 **Күйіп қалу қаупі бар!**


Осы сусындарды дайындап жатқан кезде бу шығатындықтан, күйіп қалудан сақ болыңыз.

1. Капучино жасаған кезде, кофені үлкен кесеге жасаңыз;


2. Ыдысты әрбір капучино үшін шамамен 100 грамм сүтпен толтырыңыз. Ыдысты таңдаған кезде сүттің көлемі екі немесе үш есе көбейетінін ескеріңіз;

 **Ескеріңіз:**


Қоюлау көпіршікке қол жеткізу үшін, тоңазытқыш температурасында (шамамен 5°C) сақталған шайқалған немесе жартылай шайқалған сүтті пайдаланыңыз. Көпіршігі нашар немесе көбіктері үлкен сүт болмас үшін, капучино жасағышты




әрқашан «Капучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау» бөлімде сипатталғандай етіп тазалаңыз.



3. Капучино/ыстық сүт сақинасының бағытына төмен



4. орналаспағанына көз жеткізіңіз (14-сурет);  түймесін басыңыз. Heating up Please wait (Қызуда, күте тұрыңыз) хабары көрсетіледі, бірнеше секундтан кейін артынша TURN STEAM KNOB (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары шығады;
5. Капучино жасағышты сыртқа қарай бұрып, сүт ыдысына (15-сурет) батырыңыз. Қара сақинаны батырып алмаңыз;

6. бу тетігін I бағытына бұраңыз (5-сурет). Капучино жасағыштан бу шығып, кофеге кілегейлі көбік түрін және үлкенірек көлем береді;
7. Кілегейлі көпіршік жаса үшін ыдысты жайлап қана жоғары қарай ырғап жылжытыңыз. (Буды бір басқанда 3 минуттан артық құйып тұруға болмайды);
8. Қалаған көпіршікті алған соң, бу тетігін 0 бағытына қайта бұрау арқылы буды тоқтатыңыз.

Күйіп қалу қаупі бар!

Қайнап жатқан сүттің шашырауынан күйіп қалуға жол бермес үшін, көпіршікті сүті бар ыдысты алмас бұрын буды тоқтатыңыз.

9. Сүт көпіршігін бұған дейін дайындалған бір кесе кофеге қосыңыз. Капучино дайын. Дәмді тәттілендіріңіз және қажет болса көпіршітілген сүтке шамалы какао ұнтағын себіңіз.

Ыстық сүт жасау (көпіршіксіз)

Ыстық сүтті көпіршіксіз жасау үшін, жоғарыдағы бөлімде сипатталғандай әдіспен жалғастырыңыз, капучино жасағыштағы капучино/ыстық сүт сақинасының жоғарыдағы HOT MILK (ЫСТЫҚ СҮТ) бағытына орнатылғанына көз жеткізіңіз.

Капучино жасағышты пайдаланып болған соң тазалау

Сүт қалдықтарының жиналуына және бітеліп қалуға жол бермес үшін, капучино жасағышты әрбір қолданыстан кейін тазалап отырыңыз.

Күйіп қалу қаупі бар!

Капучино жасағышты тазалап жатқан кезде шүмектен шамалы ыстық су ағады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

1. Бу тетігін I бағытына бұрау арқылы бірнеше секунд бойы аз ғана су ағызыңыз. Одан кейін ыстық су ағынын тоқтату үшін бу тетігін 0 бағытына бұраңыз.
2. Капучино жасағыш суығанша бірнеше минут күтіңіз. Капучино жасағышты алу үшін, оны сыртқа қарай шығарып, төмен қарай (16-сурет) сырғытыңыз.
3. Капучино/ыстық сүт сақинасын жоғарыға жылжытыңыз (17-сурет).
4. Қондырманы төмен қарай сырғытыңыз (18-сурет).

5. 19-суреттегі көрсеткілермен көрсетілген екі тесіктің бітелмегенін тексеріңіз. Қажет болса, инемен тазартыңыз.
6. Қондырманы орнына салыңыз, сақинаны төмен қарай жылжытыңыз және капучино жасағышты бұрау және орнына түскенше жоғары итеру арқылы қондырмаға қайта салыңыз (20-сурет).

ЫСТЫҚ СУ ЖАСАУ

Күйіп қалу қаупі бар!

Ыстық су құю барысында құрылғыны ешқашан қараусыз қалдырмаңыз. Төменде көрсетілгендей, кесе толған кезде ыстық су ағынын тоқтатыңыз.

Су құйылып жатқан кезде капучино жасағыш қызады, сондықтан оны тек қара сақинасынан ғана ұстау керек.

1. Капучино жасағыштың шүмегінің астына ыдыс қойыңыз (шашыраудың алдын алу үшін барынша жақын қойыңыз) (15-сурет).
2. бу тетігін I бағытына бұраңыз (5-сурет). HOT WATER (ЫСТЫҚ СУ) хабары көрсетіледі және ағу басталады.
3. Бу тетігін 0 бағытына бұрау арқылы тоқтатыңыз.

Ескеріңіз:

Егер «Қуат үнемдеу» режимі белсенді болса, ыстық су құйылмас бұрын бірнеше секунд күту керек болуы мүмкін.

ТАЗАЛАУ

Құрылғыны тазалау

Құрылғының мына бөліктерін тұрақты түрде тазалап отыру керек:

- ұнтақ кофе ыдысы (A14),
- тамшы науасы (A18) және су жиналу науасы (A15),
- су ыдысы (A10),
- кофе шүмектері (A13),
- ұнтақ кофе воронкасы (A6),
- құрылғы ішінде, демдеу қақпағы (A11) ашылған соң қол жетімді болады,
- демдеу торы (A12).

Маңызды!

- Құрылғыны тазалау үшін еріткіштерді, қырғыш заттарды немесе спиртті пайдаланбаңыз.

De'Longhi суперавтоматты кофе құрылғыларын тазалау үшін химиялық өнімдерді пайдаланудың қажеті жоқ.

- Құрамдас бөліктердің ешқайсысын ыдыс жуғышта жууға болмайды.
- Қоқымдарды және кофе қалдықтарын кетіру үшін металдан жасалған заттарды пайдаланбаңыз, себебі олар құрылғының металл немесе пластмасса бөліктерін сырып тастауы мүмкін.

Ұнтақ кофе ыдысын тазалау

EMPTY GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ) хабары көрсетілген кезде, ұнтақ кофе ыдысын босату және тазалау керек.

Кофе тарту ыдысы тазартылмайынша, жоғарыдағы хабар жыпылықтауын жалғастырады және құрылғыны кофе жасау үшін пайдалану мүмкін болмайды. Тазалау үшін (тек құрылғымен):

- Тамшы науасын шығарыңыз (21-сурет), босатыңыз және тазалаңыз.
- Ұнтақ кофе ыдысын босатып, түбінде қалған барлық қалдықтарды кетіру үшін мұқият тазалаңыз.
- Қызыл су жиналу науасын тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.

⚠ Маңызды!

Тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек.

Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, ұнтақ кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.

Тамшы науасын және су жиналу науасын тазалау

⚠ Маңызды!

Егер тамшы науасы тұрақты түрде босатылмаса, су асып ағуы және құрылғының ішіне немесе жан-жағына таралуы мүмкін.

Бұл құрылғыны зақымдауы, ол тұрған бетті немесе айналаны бүлдіруі мүмкін.

Тамшы науасы ондағы су деңгейін көрсететін қалқымалы деңгей көрсеткішімен (қызыл) белгіленген (22-сурет).

Осы көрсеткіш кесе қойғыштан шығып тұрғанға дейін тамшы науасы босатылуы және тазалануы керек.

Тамшы науасын алу үшін:

1. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын шығарыңыз (21-сурет);
2. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын босатыңыз және жуыңыз;
3. Қызыл су жиналу науасын тексеріңіз және қажет болса босатыңыз.
4. Тамшы науасы мен ұнтақ кофе ыдысын орындарына салыңыз.

Кофе құрылғысы ішін тазалау

⚡ Қайып!

Ішкі бөліктерді тазаламас бұрын, құрылғыны өшіру («Өшіру» бөлімін көріңіз) және розеткадан ажырату керек. Құрылғыны ешқашан суға батырмаңыз.

1. Құрылғының іші (тамшы науасын алған соң қол жетімді болады) кірлемегенін тұрақты түрде (шамамен аптасына бір рет) тексеріп отырыңыз. Қажет болса, кофе қалдықтарын щеткамен және губкамен тазалаңыз.
2. Қалдықтарды шаңсорғышпен тазалаңыз (23-сурет).

Су ыдысын тазалау

1. Су ыдысын (A9) тұрақты түрде (шамамен айына бір рет және су жұмсартқыш сүзгіні (егер болса) орнына салған сайын) дымқыл шүберекпен және шамалы жұмсақ ыдыс жуғыш сұйық затпен тазалап отырыңыз.
2. Сүзгіні алыңыз (егер бар болса) және ағынды сумен шайыңыз.
3. Сүзгіні орнына салыңыз (егер болса), ыдысты таза сумен толтырып, орнына салыңыз.

Кофе шүмектерін тазалау

1. Кофе шүмектерін губкамен немесе шүберекпен тазалаңыз (24А сур.).
2. Кофе шүмегіндегі тесіктердің бітеліп қалмағанын тексеріңіз. Қажет болса, кофе қалдықтарын тіс тазартқышпен кетіріңіз (24В сур.).

Ұнтақ кофе воронкасын тазалау

Тартылған кофе воронкасының (A6) бітелмегенін тұрақты түрде (шамамен айына бір рет) тексеріп тұрыңыз.

Қажет болса, кофе қалдықтарын щеткамен тазалаңыз.

Демдеу торын тазалау

Демдеу торын (A12) кемінде айына бір рет тазалап отыру керек.

Маңызды!

Құрылғы іске қосулы болған кезде демдеу торын алу мүмкін емес.

1. Құрылғының дұрыс өшірілгеніне көз жеткізіңіз (9-беттегі «Құрылғыны өшіру» бөлімін көріңіз).
2. Су ыдысын тазалаңыз.
3. Құрылғының оң жағына бағытталған демдеу торы орнының қақпағын (25-сурет) ашыңыз.
4. 2 қызыл босату түймелерін ішке қарай басып тұрып, демдеу торын сыртқа қарай тартып шығарыңыз (26-сурет).

Маңызды!

ТЕК СУМЕН ШАЙЫҢЫЗ

ЫДЫС ЖУҒЫШ СҰЙЫҚ ЗАТТЫ
ЖӘНЕ ЫДЫС ЖУҒЫШ ҚҰРЫЛҒЫНЫ
ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ

Демдеу торын тазалау үшін жуғыш сұйықтықты пайдаланбаңыз.

5. Демдеу торын суға шамамен 5 минут батырып қойып, ағынды су астында шайыңыз.
6. Демдеу торының корпусында (демдеу торы орнының қақпағы арқылы көрінеді) қалған кез келген кофе қалдығын кетіру үшін арнайы щетканы пайдаланыңыз.
7. Тазалаған соң, демдеу торын ішкі тірекке қарай сырғыту арқылы орнына салып, «сырт» етіп орнына түскенше PUSH (ИТЕРУ) белгісін толық енгенше ішке қарай басыңыз.

Ескеріңіз:

Егер демдеу торын енгізу қиын болса, оны енгізбес бұрын суретте көрсетілген екі ілгекті қысу арқылы шағынырақ етіңіз.

7. Салынған соң, екі қызыл түйменің қайта қалқып шыққанына көз жеткізіңіз.
8. Демдеу торы орнының қақпағын жабыңыз.
9. Су ыдысын орнына салыңыз.

ҚАҚ ТАЗАЛАУ

Дисплейде DESCALЕ (ҚАҚ ТАЗАЛАУ) хабары жыпылықтаған сайын құрылғының қағын тазалап отырыңыз.





Маңызды!

Қақ тазалағыш құрамында теріні және көздерді тітіркендіруі мүмкін қышқылдар бар.

Өнім жасаушысының қақ тазалағыш орамында көрсеткен ескертулерін және теріге және көздерге тиген жағдайда орындалатын процедураларға қатысты ескертулерді міндетті түрде ескеру керек.


Ескеріңіз:

Тек De'Longhi ұсынған қақ тазалағышты ғана пайдалануыңыз. Құрылғы қағын жоғарыда сипатталғандай етіп тазаламау да кепілдік күшін жояды.

1. Кофе құрылғысын іске қосыңыз.
2. Мәзірге кіру үшін түймесін басыңыз.
3. немесе  түймесін  Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше басыңыз;
4.  түймесін басу арқылы таңдаңыз. Descaler Confirm? (Қақ тазалауды растау керек пе?) хабары көрсетіледі. Бұл функцияны қайта іске қосу үшін  түймесін қайта басыңыз.
5. Add descaler Confirm? (Қақ тазалағыш қосылғанын растау керек пе?) хабары көрсетіледі.
6. Су ыдысын (A10) толық босатып, су жұмсартқыш сүзгіні алыңыз (егер болса).
7. Қақ тазалағышты ыдыстың артында белгіленген (27-сур.) А деңгейіне дейін құйып (100 мл орамына қатысты), В деңгейіне (27-сур.) дейін су (1 л) құйыңыз.
8. Көлемі кемінде 1,5 литр болатын бос ыдысты каппутино жасағыштың астына қойыңыз (A19) (5-сурет).

Күйіп қалу қаупі бар!

Каппучино жасағыштан құрамында қышқылы бар ыстық су ағады. Су шашырандыларынан абай болыңыз.

9. Ерітіндіні қосқаныңызды растау үшін  түймесін басыңыз. Сосын дисплейде TURN STEAM KNOB (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары пайда болады.
10. бу тетігін I бағытына бұраңыз (5-сурет). Қақ тазалау бағдарламасы басталады және каппутино жасағыштан қақ тазалағыш сұйық зат шығады. Қақ тазалау бағдарламасы кофе құрылғысының ішіндегі барлық қақ қалдықтарын тазалау үшін бірнеше шаю және кідіру әрекеттерін орындайды.

Шамамен 30 минуттан соң FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТӨЛТІРІҢІЗ) хабары көрсетіледі.

Одан кейін құрылғы таза сумен шаюға дайын болады.

11. Қақ тазалағыш ерітіндіні жинау үшін пайдаланылған ыдысты босатыңыз да, капучино жасағыштың астына қайта салыңыз.
12. Су ыдысын шығарыңыз, босатыңыз, ағын су астында шайыңыз және таза сумен толтырып, орнына салыңыз. Дисплейде Rinsing (Шаю) хабары пайда болады.
13. Капучино жасағыштан бастық су шығады.
14. Су ыдысы толығымен босаған кезде, TURN STEAM KNOB (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары көрсетіледі.
15. Тетікті 0 бағытына қарай бұраңыз, сүзгінің ыдысқа енгізіңіз (егер болса), су ыдысын толтырыңыз, осыдан кейін құрылғы пайдалануға дайын болады.

СУ ҚАТТЫЛЫҒЫН РЕТТЕУ

Бір кезеңдік әрекет орындалған соң су қаттылығына сай DESCAL (ҚАҚ ТАЗАЛАҢЫЗ) хабары көрсетіледі.

Құрылғы әдепкі параметр бойынша су қаттылығының 4-мәніне орнатылады.

Сонымен қатар, бұл құрылғыны әр түрлі аймақтардағы құбыр суының қаттылығына сай бағдарламалау арқылы құрылғыны сирегірек тазалау қажет болатындай етіп орнатуға болады.


Су қаттылығын өлшеу

1. Осы нұсқаулықпен бірге берілген «ТОЛЫҚ ҚАТТЫЛЫҚТЫ ТЕКСЕРУ» көрсеткіші қағазын орамынан шығарыңыз.
2. Қағазды стакандағы суға бір секундқа толығымен батырып алыңыз.
3. Қағазды судан шығарып, жайлап сілкіңіз. Шамамен бір минуттан соң 1, 2, 3 немесе 4 қызыл шаршы судың қаттылығының деңгейіне қарай көрінеді. Әрбір шаршы бір деңгей болып есептеледі.







1-деңгей 

2-деңгей 

3-деңгей 

4-деңгей 

Су қаттылығын орнату

1. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;
 2. немесе  түймесін  Auto-off (Авто өшіру) хабары көрінгенше басыңыз;
 3. Раптау үшін  түймесін басыңыз.
 4.  немесе  түймесін қайталап басып, көрсеткіш қағазда көрсетілген су қаттылығы деңгейін орнатыңыз (алдыңғы бөлімді қараңыз).
 5. Раптау үшін  түймесін басыңыз.
- Құрылғы сол кезде жаңа су қаттылығының параметрімен бағдарламаланады. Мәзірден шығу үшін **MENU** түймесін басыңыз.

СУ ЖҰМСАРТҚЫШ СҮЗГІ

Кейбір үлгілерге су жұмсартқыш сүзгі бекітіледі. Егер сіздегі үлгіде ондай болмаса, уәкілетті De'Longhi тұтынушыны қолдау қызметтерінен сатып алуды ұсынамыз.

Сүзгіні дұрыс пайдалану үшін, төмендегі нұсқаларды орындаңыз.






Сүзгіні орнату

1. Сүзгіні (C3) орамынан шығарыңыз.
2. Күн көрсеткішінің дискісін (28-суретті көріңіз) қолданудың келесі екі айы көрінгенше бұраңыз.

Ескеріңіз:

Құрылғы дұрыс пайдаланылса, бұл сүзгі екі айға жарамды болады. Егер кофе құрылғысы сүзгісі енгізілген күйде пайдаланылмай қалса, сүзгі тек үш аптаға жарамды болады.





3. Сүзгіні белсендіру үшін, диаграммада көрсетілгендей етіп тесік арқылы су ағызыңыз, су бүйірдегі тесіктерден бір минуттан астам ағуы керек (29-сурет).
 4. Ыдысты құрылғыдан шығарып, сумен толтырыңыз.
 5. Сүзгіні су ыдысына салып, он секунд бойы толық батырыңыз да, ауа көпіршіктерін шығарып жіберу үшін қисайтыңыз (30-сурет).
 6. Сүзгіні корпусына салыңыз және орнына жеткенше басыңыз (31А суреті).
 7. Ыдыстың қақпағын (31В суреті) жауып, ыдысты құрылғыдағы орнына салыңыз.
- Сүзгіні орнатқан кезде, оның бар екенін құрылғыға ескеруіңіз керек.
8. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;


9.  немесе  түймесін Install filter (Сүзгі орнату) хабары көрінгенше баса беріңіз.
10.  түймесін басыңыз;
11. Дисплейде “Confirm?” (Ажырату керек пе?) хабары көрсетіледі;
12. Растау үшін  түймесін басыңыз. Дисплейде TURN STEAM KNOB (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары пайда болады.
13. Каппучино жасағыш астына ыдыс қойыңыз (кемінде 100 мл болатын).
14. Бу тетігін бұраңыз (5-сурет). HOT WATER Confirm? (ЫСТЫҚ СУ. Растау керек пе?) хабары көрсетіледі.
15. Растау үшін  түймесін басыңыз. Құрылғы ыстық су құюды бастайды және Please wait (Күте тұрыңыз) хабары көрінеді.
16. Су құйылып болған кезде, TURN STEAM KNOB (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары көрсетіледі.
17. Бу тетігін 0 бағытына бұраңыз (5-сурет). Құрылғы Coffee ready (Кофе дайын) күйіне автоматты түрде қайта орнатылады.

Сүзгі енді белсенді және оны Install filter (Сүзгі орнату) элементінің астындағы мәзірде көрсетілетін жұлдызша арқылы көрсетіледі. Кофе құрылғысын енді пайдалануға болады.

Сүзгіні салу

Replace filter (Сүзгіні салыңыз) хабары көрсетілген кезде, екі айдан соң (күн көрсеткішін көріңіз) немесе құрылғы 3 апта бойы пайдаланылмаса, сүзгіні ауыстырыңыз.





1. Су ыдысы мен пайдаланылған сүзгіні алыңыз;
2. Жаңа сүзгіні орамынан шығарыңыз және алдыңғы бөлімнің 3, 4, 5 және 6-тарауларында көрсетілгендей жалғастырыңыз.
3. Каппучино жасағыш астына ыдыс қойыңыз (кемінде 100 мл болатын).
4. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;
5.  немесе  түймесін Install filter (Сүзгі орнату) хабары көрінгенше баса беріңіз.
10. түймесін басыңыз  ;
11. Confirm? (Растау керек пе?) хабары көрсетіледі.
12. Растау үшін  түймесін басыңыз. Дисплейде TURN STEAM KNOB (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары пайда болады;

13. Бу тетігін бұраңыз. HOT WATER Confirm? (ЫСТЫҚ СУ. Растау керек пе?) хабары көрсетіледі.
14. Растау үшін  түймесін басыңыз. Құрылғы ыстық су құюды бастайды және Please wait (Күте тұрыңыз) хабары көрінеді.
15. Су құйылып болған кезде, дисплейде TURN STEAM KNOB (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ) хабары көрсетіледі. Бу тетігін 0 бағытына бұраңыз. Құрылғы Coffee ready (Кофе дайын) күйіне автоматты түрде қайта орнатылады.

Содан кейін жаңа сүзгі белсенді болады және кофе құрылғысын пайдалана аласыз.

Сүзгіні шығару

Егер құрылғыны сүзгісіз әрі қарай пайдаланғыңыз келсе, оны алып, құрылғыға оның алынғаны туралы ескертуіңіз керек. Мына әрекетті орындаңыз:

1. Су ыдысы мен пайдаланылған сүзгіні алыңыз;
2. Мәзірге кіру үшін **MENU** түймесін басыңыз;
3.  немесе  түймесін Install filter (Сүзгі орнату) хабары көрінгенше баса беріңіз.
4.  түймесін басыңыз;
5. Дисплейде Disable? (Ажырату керек пе?) хабары көрсетіледі;
6. Растау үшін  түймесін және мәзірден шығу үшін **MENU** түймесін басыңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ДЕРЕК

Қысым:	15 бар
Су ыдысының ең жоғарғы сыйымдылығы:	1 , 8 литр
Өлшемі: ҰхБхД:	238x345x430 мм
Кабель ұзындығы:	1,15 м
Салмағы:	9,1 кг
Кофе дәндері ыдысының ең жоғарғы сыйымдылығы:	250 г

Бұл құрылғы мына ЕУ директиваларына сәйкес:

- Күту режиміне қатысты ЕС 1275/2008 ережесі;
- 2006/95/ЕС төменгі кернеу директивасы және кезекті толықтырулары;
- EMC 2004/108/ЕС директивасы және кезекті толықтырулары;
- 1935/2004 ЕО стандартының тағам тиетін барлық материалдар мен керек-жарақтар ережесіне сәйкес.

ТАСТАУ



Еуропалық 2002/96/ЕС директивасына сай, бұл құрылғы үй қоқыстарымен бірге емес, қоқыстарды сұрыптау және қайта өңдеу орталығына апарып тастау керек.

ТЕХНИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ

Тип изделия см. заводскую табличку на корпусе устройства

Модель	“
Напряжение	“
Частота	“
Мощность	“

Румынияда жасалған
De'Longhi Appliances s.r.l.
via L.Seitz, 47 31100 Treviso Italy
Де'Лонги Апплайансиз с.р.л.
Виа Л. Зейц, 47 31100 Тревизо Италия

Импортер на территории РФ, Белоруси и Казахстана:
000 «Делонги»
127055 Россия, г. Москва, ул. Суцёвская, д. 27, стр. 3
Тел. +7 (495) 781-26-76

Изделие использовать по назначению в соответствии с руководством по эксплуатации.

Срок службы изделия составляет 2 года с даты продажи потребителю.

Дату изготовления изделия можно определить по серийному номеру, расположенному на / или вблизи заводской таблички изделия (Сер. № ASSCC, где А – последняя цифра года изготовления, SS – производственная неделя, CC – дата печати, рассчитанная автоматически с 1992 г. Пример: Сер. № 30411xxx, год изготовления – 2003, производственная неделя – 4).



КӨРСЕТИЛЕТІН ХАБАРЛАР

КӨРСЕТИЛЕТІН ХАБАРЛАР	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
FILL TANK (ЫДЫСТЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ):	Ыдыстағы су жеткіліксіз (A18).	Су ыдысын толтырыңыз және/немесе «сырт» етіп орнына киілгенше итеру арқылы дұрыстап салыңыз.
EMPTY GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН БОСАТЫҢЫЗ)	Ұнтақ кофе ыдысы (A13) толып кеткен.	Ұнтақ кофе ыдысын босатыңыз, тазалаңыз да орындарына салыңыз (23-сурет). Маңызды: тамшы науасын алып жатқан кезде ұнтақ кофе ыдысын тіпті онда шамалы кофе қалса да босату керек. Егер босатылмаса, келесі кофелерді жасаған кезде, ұнтақ кофе ыдысы шамадан тыс толып кетіп, құрылғы арналарын бітеуі мүмкін.
INSERT GROUNDS CONTAINER (ҰНТАҚ КОФЕ ЫДЫСЫН САЛЫҢЫЗ)	Тазалаған ұнтақ кофе ыдысы орнына салынбаған.	Тамшы науасын шығарып, ұнтақ кофе ыдысын орнына салыңыз.


GROUND TOO FINE (КОФЕ ТЫМ ҰСАҚ) ADJUST MILL (КОФЕ ТАРТҚЫШТЫ РЕТТЕҢІЗ) және TURN STEAM KNOB (БУ ТЕТІГІН БҰРАҢЫЗ):	Тартылған кофе тым майда және кофе өте жай құйылуда немесе мүлдем құйылмауда.	Кофені тағы да құйып көріңіз және кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде тартуды реттеу дөңгелегін сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бұраңыз (8-сурет). Егер 2 кесе кофе құйылғаннан кейін әлі де жай құйылса, тартуды реттеу дөңгелегін құйылу дұрысталғанша тағы бір рет «сырт» еткізіп бұрау арқылы дұрыстау процедурасын қайталаңыз (мына бөлімді қараңыз: Егер проблема қайталана берсе, бу тетігін I бағытына бұрап, капучино жасағыштан ыстық су ағызыңыз.
ADD PRE-GROUND COFFEE (ҰНТАҚ КОФЕ ҚОСЫҢЫЗ)	«Ұнтақ кофе» функциясы воронкаға ұнтақ кофе салмастан таңдалған.	Воронкаға (13-сурет) алдын ала ұнтақталған кофені салыңыз немесе pre-ground (ұнтақ кофе) функциясының таңдауын алыңыз.
ҚАҚ ТАЗАЛАУ	Құрылғы қағын тазалау керек.	«Қақ тазалау» бөлімінде сипатталған қақ тазалау процедурасын неғұрлым тезірек орындау керек (14 -бет).
LESS COFFEE (КОФЕ АЗ)	Өте көп мөлшердегі кофе пайдаланылған.	Жұмсағырақ дәмді таңдаңыз немесе ұнтақталған кофенің мөлшерін азайтыңыз.
FILL BEANS CONTAINER (ДӨНДЕР ЫДЫСЫН ТОЛТЫРЫҢЫЗ)	Кофе дәндері таусылған. Алдын ала ұнтақталған кофе воронкасы бітеліп қалған.	Дәндер ыдысын толтырыңыз. Воронканы «Ұнтақ кофе воронкасын тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп щеткамен босатыңыз .
INSERT INFUSER ASSEMBLY (ДЕМДЕУ ТОРЫН ЕНГІЗІҢІЗ)	Демдеу торы тазаланған соң дұрыс салынбаған.	Демдеу торын «Демдеу торын тазалау» тарауында сипатталғандай етіп енгізіңіз (14-бет).
INSERT TANK (ЫДЫСДЫ ЕНГІЗІҢІЗ)	Ыдыс орнына дұрыс салынбаған.	Ыдысты дұрыстап салып, жеткен жеріне дейін басып салыңыз.
GENERAL ALARM (ЖАЛПЫ ЕСКЕРТУ)	Құрылғының іші өте лас.	Құрылғының ішін «Тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп мұқият тазалаңыз (13-бет). Егер бұл хабар тазалаудан кейін де кетпесе, De'Longhi тұтынушылар қызметімен хабарласыңыз.

REPLACE FILTER (СҮЗГІНІ АУЫСТЫРЫҢЫЗ)	Су жұмсартқыш сүзгі пайдаланылып болған.	Сүзгіні ауыстырыңыз немесе оны «Су жұмсартқыш сүзгі» (15-бет) бөлімінде сипатталғандай етіп алыңыз.
EMPTY CIRCUIT (АЙНАЛЫМ БОС) FILL CIRCUIT (АЙНАЛЫМДЫ ТОЛТЫРЫҢЫЗ) Ж НЕ WITH HOT WATER (ЫСТЫҚ СУМЕН) PRESS OK (ОК БАСЫҢЫЗ)	Су айналымы бос	Шүмектен су қалыпты шыққанша ағызыңыз.

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ

Төменде кейбір ықтимал ақаулықтар көрсетілген.

Егер проблема сипатталғандай әдіспен шешілмесе, тұтынушыларды қолдау қызметтерімен хабарласыңыз.

ПРОБЛЕМА	ЫҚТИМАЛ СЕБЕБІ	ШЕШІМІ
Кофе ыстық емес.	Кеселер алдын ала қыздырылмайды.	Кеселерді ыстық сумен шаю арқылы алдын ала жылытыңыз. (ерекше назар аударыңыз: сіз ыстық су функциясын пайдалана аласыз).
	Демдеу торы суып қалған, себебі соңғы кофе жасалғалы 2/3 минут өткен.	Кофе жасамас бұрын демдеу торын  шаю түймесін басу арқылы жылытыңыз.
	Төменгі кофе температурасы орнатылды.	Мәзірден жоғарырақ кофе температурасын орнатыңыз.
Кофе көпіршігі жеткілікті емес.	Кофе тым ірі етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде кофе тарту дөңгелегін сағат тілі бағытына қарсы «1» санына қарай бір рет бұраңыз (8-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: 11-беттегі «Кофе тартқышты реттеу»).
	Кофе жарамсыз.	Эспрессо құрылғылары үшін ұнтақ кофе пайдаланыңыз.

Кофе өте баяу немесе тамшылап құйылады.	Кофе тым майда етіліп тартылған.	Кофе тартқыш жұмыс істеп тұрған кезде кофе тарту деңгелегін сағат тілі бағытымен «7» санына қарай бір рет бұраңыз (10-сурет). Кофе қанағаттанарлықтай тартылмайынша сыртылдата бұрауды жалғастырыңыз. Нәтиже тек 2 кофе жасаған соң ғана беріледі (мына бөлімді қараңыз: 11-беттегі «Кофе тартқышты реттеу»).
Шүмектердің біреуінен немесе екеуінен кофе ақпайды.	Шүмектер бітеліп қалған.	Шүмектерді тіз тазартқышпен тазалаңыз.
Көпіршітілген сүтте үлкен көбіктер бар	Сүт жеткілікті деңгейде салқын емес немесе ол жартылай шайқалмаған.	Т о ң а з ы т қ ы ш температурасындағы (шамамен 5°C) майсыздандырылған немесе жартылай майсыздандырылған сүтті пайдаланған жөн. Егер нәтиже сіз қалағандай болмаса, басқа компанияның сүтін пайдаланып көріңіз.
Сүт көпіршітілмеген	Каппучино жасағыш кірлеген.	«Каппучино жасағышты пайдаланған соң тазалау» бөлімінде сипатталғандай етіп тазалаңыз (13-бет).
	Каппучино жасағыштағы сақина капучино бағытында ЕМЕС.	Сақинаны CAPPUCCINO бағытына қойыңыз.
Бу шығару тоқтатылады	3 минуттан соң қауіпсіздік құрылғысы буды тоқтатып тастайды.	Күте тұрыңыз да, бу функциясын қайта іске қосыңыз.
Құрылғы іске қосылмайды.	Ол розеткаға қосылмаған.	Розеткаға қосыңыз.
	Негізгі қосқыш (A8) іске қосылмаған.	Негізгі қосқышты I бағытына қойыңыз (1-сурет).